

ЖОЛ ЖҮРУ ҚАҒИДАСЫН БҰЗҒАН

Қазақстан Республикасы Жол жүрісі қағидасының 13-бөлімінің 11-тармағына сәйкес – маңызы бірдей емес жолдардың қиылысында екінші дәрежелі жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі олардың әрі қарай жүру бағытына қарамастан, басты жолмен жақындап қалған, оның ішінде кері бұрылуды жүзеге асыратын көлік құралына жол береді.

Бөлу жолағы бар басты жолмен жүріп бара жатқан жүргізуші жол қиылысында кері бұрылуды жүзеге асырмас бұрын, екінші дәрежелі жолмен жол қиылысына жақындаған көлік құралының оған жол беретіндігіне көз жеткізеді.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында қағиданың бұл талаптарын бұзған, азамат Б.-ға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 610-бабының 1-бөлігімен әкімшілік іс қаралды.

Азамат Б. 2022 жылғы 24 қыркүйекте өзінің басқа-

руындағы автокөлігін Қызылорда қаласы, Тәуелсіздік көшесі бойымен басқарып келіп, Тәуелсіздік-С.Бейбарыс көшелерінің қиылысында алдында бағыттал келген азамат Н.-ның басқаруындағы автокөлікпен соқтығысып, материалдық залал келтірілген. Нәтижесінде көлік құралдарының бұлуына алып келген, материалдық залал келтірген.

Сот қаулысымен өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға Б. ӘҚБТК-нің 610-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 42882 теңге әкімшілік айыппұл салынды.



ЖАЗУШЫ КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ V БАЙҚАУЫ

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БЕСІНШІ БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА МАРАПАТТАЛДЫ

«Заң газеті» республикалық басылымы мұрындық болып, арнайы ұйымдастырған дәстүрлі республикалық детектив шығармалары байқауының жеңімпаздарын анықтап, марапаттау салтанаты бұл жолы Сыр елінде өтті.

«Заң газеті» республикалық басылымының ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін шығармалар байқауы – шытырманға толы оқиғалармен қатар, қылмыстың алдын алуға, ашуға, қылмыстық іс бойынша әділ шешім қабылдауда өз міндеттерін адал атқарып жүрген сала мамандарының еңбегі туралы қалам тербеген отандастарымызға жаңа мүмкіндіктер, еліміздегі детектив

шығармалардың дамуына жаңа серпін беріп келеді. Оған дәлел ретінде бүгін шығармалар жинақталған «Шытырман» кітабының тұсау кесерінің өтуі болды.

Үш айдан астам уақыт республиканың түкпір-түкпірінен жинақталған шығармалар саны жүзден асты.

Жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық

детектив шығармаларының дәстүрлі 5 байқауында 106 шығарма арасында жүзден жүйрік озып шыққан А.Өмірбаевтың (Жетісу облысы) «Қылмыскердің күлкісі» шығармасы бас жүлдені иеленді. Үшінші орынды «Түтін» шығармасы үшін А.Кемелбаева (Астана қаласы) және «Оралманның ойраны» шығармасы үшін Т.Ахетов (Қызылорда облысы) иеленсе, екінші орынды «Тылыс түннің құпиясы» шығармасы үшін Б.Жалиева (Ақтөбе облысы) мен «Қалықтап жеткен үн» шығармасы үшін Н.Шынтаевқа (Алматы облысы) бұйырды. Бірінші орынмен «Үтіктегі

қан» шығармасы үшін А.Әбілов (Қызылорда облысы) марапатталды.

Жеңімпаздарға арнайы қаржылай сертификаттармен табысталды.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық соты төрағасының арнайы жүлдесін «Тергеу аяқталған жоқ...» шығармасы үшін Б.Қалаубай жеңіп алды.

Әріптесіміз Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Н.Нұрбайқызы облыстық полиция департаментінің арнайы жүлдесімен марапатталды. Әріптесіміз Қабыл Тұрарұлы да байқауға қатысып, ынталандыру сыйлығын иеленді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ӘКІМШІЛІК СОТЫ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

2022 жылдың 26 қазанында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз-конференциясы өткізілді.

Баспасөз конференциясын Қызылорда облыстық сотының судьясы К.Каниева, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Г.Ж.Мырзатаева жүргізіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне 2022 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстар жайлы ақпарат берді.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2022 жылдың 9 айында – 576 талап қою.

Талап қоюлар бойынша: дау айту туралы талап қою – 557 іс; мәжбүрлеу туралы талап қою 10 іс; әрекет жасау туралы талап қою 53 іс.

Сотқа түскен істердің көп бөлігі келесі даулар бойынша:

- Жеке сот орындаушылардың әрекетіне дау айту – 156іс;
- Мемлекеттік сатып алу бойынша – 94 іс;



- Жер дауы бойынша – 78 іс;
- Салық дауы бойынша – 55 іс;
- Тұрғын үй дауы бойынша – 36 іс;

- Монополияға қарсы дау бойынша – 28 іс;
- Азаматтарға арналған үкімет саласы бойынша – 27 іс;
- Еңбек дауы бойынша – 23 іс;
- Мүлік дауы бойынша – 22 іс;
- Құқық қорғау саласы бойынша – 21 іс;

Аталған кезеңде 170 (27,42%) әкімшілік іс бойынша шешім шығарылып, 71 әкімшілік іс татуласу және медиация тәртібімен (11,45%), кайтарылғаны – 270 (43,54%) іс, яғни барлығы 511 (82,41%) әкімшілік іс аяқталған. 127 іс бойынша талап қанағаттандырылған, яғни

75%, ал 43 іс бойынша талап қанағаттандырысуз қалдырылған, яғни 25% құрайды. Сондай-ақ 116 іс бойынша талап қоюшылардың өз арызымен кері қайтарылған.

42 жеке ұйғарым шығарылып, мемлекеттік мекемелерге тиісті шара көруге жолданған. ҚР ӘРІК-ның 127-бабына сәйкес, әкімшілік іс бойынша 14 жауапкерге ақшалай өндіріп алу қолданылған.

Баспасөз конференциясын қорытындылай келе сот төрағасы алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жүйесін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын атап, баспасөз өкілдерінің туындаған сұрақтарына жауап бере отырып, алғысын білдірді.

АЗАМАТТЫҚ ІС МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап қоюшы «А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «К» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 1 895 595 теңге қарыз сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сот тараптарға дауды татуласу рәсімдерімен, оның ішінде сотқа дейінгі хаттаманы толтыру жөніндегі құқықтарын түсіндірді.

Сотта тараптар судьяның көмегімен дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

ҚР АПК-нің 277-бабының 6-тармағына сәйкес, тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасауға және оны сот бекітсе іс жүргізу тоқтатылады.

Сот азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіп, төленген мемлекеттік баж сомасын талапкерге қайтарып, азаматтық іс жүргізуді өндірістен қысқартты.

ҚАЛАЛЫҚ СОТТА ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда қалалық сотында қалалық сот төрағасы Д.Кентбаевтың, судьялар С.Жаппасбаев, М.Абилханованың, Енбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуетік қамсыздандыру бөлімінің басшысы А.Маханованың, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы Г.Абилқасимованың, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің статисті Ж.Рыспаеваның қатысуымен «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істерді қарауда туындайтын мәселелер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында қалалық сот төрағасы Д.Кентбаев заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы азаматтық істерді қарау кезінде туындайтын негізгі мәселелерге назар аударып, өз сөзінде бүгінгі күні

зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілін растайтын азаматтармен ұсынылатын құжаттарды тыңғылықты тексеру қажеттігін, себебі еңбек өтілін куәландыратын тиісті құжатты алуға немесе оны қалпына

келтіруге мүмкіндік болмаған жағдайда ғана азаматтар заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы арызбен сотқа жүгіне алатынын айтты.

Сот тәртібінде қарастыруға жататын аталған санаттағы істер, бұл – адамның белгілі бір уақытта қайтыс болуы, сондай-ақ еңбек өтілін, оның ішінде мүгедекті күту уақытын есептеу, зейнетақы тағайындауға қажетті қиын жағдайларда жұмыс істеу фактілерін анықтау және т.б. болып табылады.

Ш а р а б а р ы с ы н д а қатысушылар азаматтық істердің аталған санаттарын қарастыратын кезде туындайтын сұрақтарға байланысты ортақ ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылармен өзара іс-қимыл мәселелерін шешу және алдағы уақытта жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

АВТОКӨЛІКТІ МАСАҢ КҮЙІНДЕ БАСҚАРҒАН

Қазақстан Республикасы жол жүрісі қағидасының 2-бөлімінің 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық) реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерімен; жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйде көлік құралын басқаруға тыйым салынады.

Алайда, азамат М. 2022 жылғы 22 қазанда Қызылорда қаласы, Қазақстан көшесінде автокөлігін алкогольдік масаң күйде басқарып, Қазақстан

Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 608-бабының 1-бөлігінің талаптарын бұзған.

Нәтижесінде, Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының қаулысымен М. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, он бес тәулік әкімшілік қамқақ алынып, жеті жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айырылды.



СОТТЫҢ АБЫРОЙЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ

Сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы. Мемлекет атынан төрелік ету құзыреті берілген сотты үшінші билік дейтіміз сондықтан. Бұдан бөлек заң шығарушы және атқарушы биліктің тәуелсіз елдің болашағын баянды етудегі міндеті ауқымды. Биліктің үш тармағы өзіне жүктелген функцияларын толық айқындап, теңгерімде қызмет етіп келеді.

Соның ішінде сот билігінің құзыреті мемлекеттегі заң үстемдігімен, әділ төрелікпен, елдің қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Осындай зор міндеттер жүктелгендіктен сот билігінде үнемі реформалар жүргізіліп, ірі жобалар, бастамалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларының қай-қайсысы болмасын сот саласының жұмысын айналып өткен емес. Себебі, заң мықты болмай, сот пәрменді болмай мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелердің түйіні тарқатылмайды.

Үшінші биліктің қызметін дұрыс үйлестіруге республика судьяларының съездері де маңызды рөл атқарады. Еліміздің бүкіл судьяларының басын біріктіретін Судьялар одағы бүгінде төрелік алаңындағы мәселелерді тиімді шешуге бастамашы болатын беделді

ұйымға айналған. Судьялар одағының ұйытқы болуымен 1996 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан съездердің де сот саласында айтарлықтай орны бар. Бүгінгі күнге дейін қазылардың пікір айтар, ақыл қосар алаңына айналған съездердің арқасында сегіз рет елордада алқалы жиын өткізудің сәті түсті. Осы сегіз съездің де сот билігінің жұмысын жандандыруға қосқан үлесі зор. Әр съездің талқысына айналған тақырып қалай әртүрлі болса, басқосу соңында сот қауымына берілген тапсырма да сан салалы. Мысалы, алғашқы съезд судьялардың әдебіне қатысты мәселелерді таразы басына салып, Әдеп кодексінің қабылдануына негіз қалады. Одан бері бірнеше рет жаңғырып, жаңартылған бұл кодекс судьялардың білім-білігімен қоса, адамдық, кісілік бейнесіне, қызметтен тыс уақытта өзін-өзі ұстау қағидаларын бекітіп

берді. Осының өзі судьялардың сот отырысында ғана емес, сот залынан шыққаннан кейін де әдептен аттамауы керектігін заңды тұрғыда бекітті.

Сот билігі өз үкімін орындата алуымен құнды. Судьяның шешімі мен үкімі орындалмай орта жолда қалса, заңнан пәрмен, соттан бедел кетеді. Сондықтан судьяның шығарған шешімі заң үстемдігінің үлгісі болуы керек. Бұған қоса, судьяның өзі де қос тарапқа теңдей қарап, екі жақтың өз мүддесін қорғауына теңдей жағдай туғызып, соттың әділдігіне қылаудай күмән туғызады тиіс. Судьяға сенбеу – отандық соттың келбетіне көлкенге түсіретін іс. Бұл әрбір судьяны өзіне тапсырылған іске тынғылықты дайындалып, ардан аттамауға, тек заңды басшылыққа алуға міндеттейді.

Судьялар съезінде айтылған пікір, ұсыныстардың нәтижесінде талай жоба тәжірибеге берік орнықты. Әсіресе, алқабилер сотының енгізілуі, медиацияның дамуы, сот сатыларының оңтайландырылуы дер кезінде шешімін тапқан оң бастамалар.

Жаңа технология игіліктерін сот жұмысына пайдалану бағытында қолға алынған шаралар да нәтижесіз емес. «Сот кабинеті» бірыңғай сер-

висі, «Төрелік» жүйесі, судьяларға істерді компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлудің тиімділігін көпшілік көріп, біліп отыр.

Сонымен бірге, сот залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілуі, бейнеконференц байланыстың бір арнаға түсуі де сот жұмысын жеңілдеткен өзгерістер. Электрондық жүйенің осындай заманауи игіліктерінің арқасында қазақстандық соттың карантин жағдайында да іріксіз қызмет еткенін айта кеткен жөн. Бұл жерде жаңа технология көмегімен айтпай кетуге болмайды.

Өйткені, карантинге дейін түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен дыбыс-бейнеконференц байланыс арқылы сот отырысын өткізіп, шалғайдағы куәлармен де қашықтан байланысулы менгерген сот үшін істерді онлайн қарау еш қиындық келтірген жоқ. Осылайша коронавирустың таралуынан қорқып көп құрылымдар жұмысын тоқтатқан уақытта, отандық сот қызметін үздіксіз атқарды. Мұның барлығы жанаушылықтан қорықпайтын сот ұжымының жанкешті еңбегінің арқасы



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ СОТЫ 2022 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА СОТ ӘДІЛДІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Қызылорда қалалық сотында БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Баспасөз конференциясын Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Н.Кенібаев жүргізді. Іс-шара барысында сот төрағасы статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті. Қызылорда қалалық сотына 2022 жылдың 9 айында 6403 талап қою мен 187 азаматтық іс түскен.

Барлығы 4286 азаматтық іс аяқталған. Оның ішінде 2146 шешім шығарылған, 579 іс бойынша өндіріс қысқартылған, 888 сот бұйрығы шығарылған, 640 азаматтық іс қараусыз қалдырылған, 32 іс соттылығы бойынша жолданып отыр.

Сондай-ақ, есепті кезеңде негізінен қаралған істердің санаттарына тоқталсақ, еңбек ақы өндіру туралы – 23 іс, жұмысқа қайта орналастыру туралы – 26 іс, неке бұзу туралы – 919 іс, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы – 290 іс, жер құқығы қатынастарына байланысты

даулар бойынша – 36 іс, зиян өндіру туралы – 41 іс, оның ішінде моральдық зиян өндіру туралы – 19 іс, денсаулыққа келген зиянды өндіру туралы – 17 істі құрап отыр.

Сонымен бірге, 2021 жылғы 20 желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының №84-VII Заңымен сотқа дейінгі хаттама бөлігінде енгізілген өзгерістерге тоқталып, сотпен аталған кезеңде 178 азаматтық іс сотқа дейінгі хаттама тәртібінде, 16 азаматтық іс бітімгершілік шартпен, 525 азаматтық іс медиация тәртібімен және 2 іс партисипативтік рәсім тәртібімен аяқталған.

СУДЬЯ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

Сот саласын ілгерілету, халықаралық талаптарға сәйкестендіру бағытында атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Мұның бір тетігі судьялар мәртебесін көтеріп, тәуелсіздігін арттырумен тікелей байланысты. Себебі, судья – сот саласындағы негізгі тұлға. Сондықтан қазақстандық қазылардың кедергісіз қызмет етуіне қаншалықты қолдау көрсетіледі, тиісінше олардың біліміне, білігіне, әдебіне, кісілік келбетіне деген талап та жыл сайын өсіп келеді.

Бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан сот жүйесін дамытуға, судьялар жұмысын жүйелілеуге тұрақты қолдау көрсетілді. Мемлекет басшысының әрбір жолдауында үшінші биліктің ертеңіне, нәтижелі жұмысына бағдар берер тапсырмалар қамтылып отырды. Бұған қоса, 1996 жылдан бері өткізіліп келе жатқан республика судьяларының съездері де саланың түрленуіне серпін берді. Әр төрт жыл сайын елорда төрінде өтетін съезд судьялар қауымы үшін орны бөлек, маңызы зор. Президент жолдаулары мен съезд мінберінен айтылған ұсыныс-пікірлердің арқасында ел өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Оның біріншісі сот төрелігінің мінсіздігін қамтамасыз ету мақсатында отандық заңнамалардың сапасын

көтерумен өзектес. Қазіргі кезде елімізде азаматтық, құқықтық қарым-қатынастар заң шеңберінде реттеледі. Тәжірибеде кездесетін олқы тұстар өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бір арнаға түскен.

Қоғамдағы судьяның ролін айнықтап, беделін өсірудегі келесі кадам – біліктілікті көтеріп, тәжірибені шыңдаумен байланысты. Кәсіби шеберлік бір күнде қалыптаспайды. Оған жылдар кетеді. Сонымен бірге, шеберлік ізденісті, еңбекті талап етеді. Өйткені, сот корпусын сапалы кадрлармен қамтамасыз ету үшін судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың жыл өткен сайын күшейтілгені бәрімізге белгілі. Яғни, қазіргі іріктелген кадрлар үлкен сұрыптаудан, қатап сүзгіден өткендер. Бірақ, әділдіктің айнасы

атану үшін судьяға үнемі білімін жетілдіріп, тәжірибесін шыңдау керек. Бұл мәселеге Жоғарғы Сот та шетін қарамайды. Соған орай судьяларға ұдайы оқыту, біліктілік деңгейін арттыру арқылы білімін тереңдетуге басымдық беріледі. Жас судьяларға білікті судьялардан тәлімгер тағайындау осы қамқорлықтың бастамасы іспеттес. Тәлімгерлер жастарға жол көрсетіп, заңдарды бірізді қолдануына, сот отырысында өзін дұрыс ұстауына, тараптармен теңгерімді сөйлесуіне бағытбағдар береді. Тәлімгерлік мектебіннің қалыптасуы аға буын мен жас буын арасындағы байланысты нығайтумен құнды. Сондай-ақ, мұндай мектеп қателіктердің алдын алып, істерді сапалы қарауға түрткі болады.

Судьяларға көрсетілетін қолдау туралы айтқанда сот жүктелуіне қатысты мәселені айтпай кету мүмкін емес. Расында соңғы жылдары сот өндірісіне түсетін іс материалдары еселеп артты. Соның асерінен судьялардың жүктелуі де көбейген болатын. Ал бұл өз кезегінде істердің өз мерзімінде қаралмауына, созбалаңға салынуына, азаматтардың өкпеленішіне алып келді. Медиация институтының енгізілуі – судья

жектемесін шешуге жасалған алғашқы талпыныс. Тәжірибеге медиаторлардың, Билер кеңесінің енгізілуі, адвокаттардың партисипативтік келісім жасау арқылы дауды сотқа дейін, сотта шешуге көмектесуі сот жүктелуін айтарлықтай азайтты. Сонымен бірге, даусыз істердің құзырлы орындар қарауына берілуі де сотқа түсетін істердің көлемін кеміткен анық. Мұндай өзгеріс ең алдымен судьялардың өз бетінше іздәнуіне жақ ашты. Уақыттың үнемдеген судьялардың назарын неғұрлым күрделі істерге аударуына ықпалын тигізді. Бұл да сот әділдігіне кепілдік берер тетіктің бірі.

Бүгінде судьялардың еш кедергісіз қызмет етуіне толық жағдай жасалған. Ендігі жерде әр судьядан сот жүйесінің абыройын көтеру, сот процесстерінің ашықтығына қол жеткізу, судья әрекетіне арыз-шағымдарды болдырмау талап етілуде. Кез келген судья соттың бейтараптығы мен адалдығына күмән келтірмейтіндей, судьяның мәртебелі атағына және сот билігіне дақ түсірмейтіндей әрекет жасауы тиіс.

Самағ ЖЕЛДЕРБАЕВ,
Қармақшы аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Талап қоюшы «Қ» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны сотқа талап қою беріп, онда жауапкер «А» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Атап айтқанда, 25.04.2022 жылғы мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіту туралы №7326937 шешімі бойынша және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3)-тармақшасына сай өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше

орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3)-тармақшасына сай өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Бірінші саты соты тараптардың түсініктерін тыңдап, дәлелдемелерді зерттеп, талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім қабылдады.



«Азаматтық істі қарау барысында судья Н.Жанабергенқызы істі жан жақты зерттеп, тек заңды және адамгершілік пен парасаттылық өлшемдерін, яғни жауапкердің сөйлей алмайтын тіл мүддегі екенін, қарсы тараптың өз мүдкіні сатып жіберіп, 20 жыл бейқамдығын, меншікті қорғаудағы әрекеттеріне құқықтық тұрғыда дұрыс баға беріп ең әділ шешім қабылдағаны үшін алғыс білдіреміз. Осындай судьялар Қызылорда облыстық сотының беделін әділ заңды шешімдері арқылы үлкен жетістікке жеткізетіні анық.»

Құрметпен, Қызылорда қаласының тұрғыны Н.Мустафин

СУДЬЯҒА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қызылорда облыстық соты төрағасының атына Қызылорда қаласының тұрғыны Н.Мустафин мен сенімді өкілінен Қызылорда қалалық сотының судьясы Н.Жанабергенқызына алғыс білдіру хаты келіп түсті.

Автордың алғыс хатында «Жанабергенқызы Нұрғүлдің өндірісіндегі азаматтық іс бойынша қоғамнан оқшауланған тілінің мүддектігіне байланысты өзінің сатып алған мүлкін жиырма жыл бойы заңдастыра алмай, елдің бәрі газ пайдаланып үйлерін жылытып өмір сүріп жатқанда облыс орталығындағы үйінде ағаш отынмен күн көріп жүрген Н.Мустафиннің құқығы қорғалып, 20 жыл тұрған үйі соттың шешімімен бұзылдырмады.

Азаматтық істі қарау барысында судья Н.Жанабергенқызы істі жан жақты зерттеп, тек заңды және адамгершілік пен парасаттылық

өлшемдерін, яғни Н.Мустафиннің сөйлей алмайтын тіл мүддегі екенін, қарсы тараптың өз мүлкін сатып жіберіп, 20 жыл бейқамдығын, Н.Мустафиннің меншікті қорғаудағы әрекеттеріне құқықтық тұрғыда дұрыс баға беріп ең әділ шешім қабылдағаны үшін алғыс білдіреміз» - делінген.

Сонымен қатар осындай судьялар Қызылорда облыстық сотының беделін әділ, заңды шешімдері арқылы үлкен жетістікке жеткізетіні анық, сондықтан Қызылорда облыстық соты сот әділдігін жүргізуде Республика бойынша алғашқы орынға шығуына тілектеспіз, қызметтерінде сәттілік тілейміз деп ыстық ықыласын жеткізген.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Сот жүйесінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Қызылорда облысының қамалетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Сабыров Асхат Аббасұлы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жоғары мемлекеттік марапаты Жоғарғы Сотта өткен жиында Төраға Жақып Асанов табыстады. Асхат Аббасұлын лайықты марапатымен құттықтай отырып, әрдайым абырой биігінен көріне беруіне тілектестік білдіреміз. Еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

МЕДИЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? МЕДИАТОР ДЕГЕН КІМ?

Медиация дегеніміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі.

Медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу. Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кінәлілер» мен «кінәсіздер» деген тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізеу мақсатын көздейді. Медиацияның тағы бір оңтайлы жағы — қаржылық жағынан соттың шығынға қарағанда төмендігінде және уақыттың үнемділігінде. Сотта іс әдетте ұзаққа созылады, ол тіпті

айларға созылуы мүмкін. Бірнеше мәрте сот отырыстары белгіленеді, оған тараптардың бірінің өкілдері келмеуі де мүмкін, сөйтіп жағдай ұшыға түседі. Бұл ретте медиацияның келесі ерекшеліктері алдыңғы қатарға шығады – тараптардың еріктілігі және жеделдетілген шараның бейресмилігі. Дауды шешуге медиаторға небәрі 30 күн уақыт беріледі. Белгілі бір себептермен бұл мерзім ұзартылуы да мүмкін, бірақ 60 күннен аспауы тиіс. Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, ал медиация барысында өзара ынтымақтаса қимылдайды. Сот тағайындалады, ал медиатор таңдалады. Сот шешімді заңға сәйкес қабылдайды, ал медиатор тараптардың мүдделерін ескере отырып, бірақ заң аясында қабылдайды. Сот – жария үдеріс, ал медиация құпиялықты қамтамасыз етеді, бұл медиатордың рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жария қылуына жол бермейді. Сөйкесінше, медиатордан куәгер ретінде жауап алуға рұқсат етілмейді. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселені шешуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгінуі құқығы сақталады. Медиация барысында тараптардың тең құқықтылығы көздейтін сөзсіз, сондай-ақ

оларға тең міндеттер жүктеледі. Сонымен қатар тараптар өз қалаулары бойынша медиацияны жүргізу орны мен медиацияны жүргізу барысында қай тілдің қолданылатыны жайында келісе алады. Тараптардың келісімімен медиатор медиацияның жүргізу күні мен уақытын белгілейді. Медиатордың қызметі кәсіби және кәсіби емес (қоғамдық) болуы мүмкін.

Отставкадағы судья немесе жиырма бес жасқа толған, кез келген салада жоғары білімге ие, медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша сертификат алған азамат кәсіпкері медиатор бола алады. Оның қызметі ақылы және еңбек ақысын тараптар өзара келісіп төлейді. Қоғамдық медиатордың ролы судья немесе қырық жасқа толған азамат атқара алады, қызметі ақысыз. Барлық медиатор арнайы медиаторлардың тізімінде тіркелуі қажет. Мемлекеттік қызметкер, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, қылмыстық қудалауға ұшыраған, өтелмеген немесе алынбаған сотшылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Зибаш ӘЛІ

Беттерді дайындаған Ж.Қасым

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҮЙДЕГІ СТАЦИОНАРҒА ЖӘНЕ КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАРҒА ЖАТҚЫЗУ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Амбулаториялық және стационарлық емдеу түрлерімен қатар күндізгі стационарларда медициналық көмек көрсету кеңінен таралуда. Бұл тәуліктік медициналық бақылауды қажет етпейтін амбулаториялық режим мен стационарлық емдеудің аралық нұсқа. Қандай жағдайларда үйдегі стационарға және күндізгі стационарға жатқызу қарастырылған? Осы сұрақпен біз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке жүгіндік.

Күндізгі стационарда (емханалар жанында) және үйдегі стационарда емдеу қандай жағдайда жатқызылады:

- тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін созылмалы аурулардың өршуі
- динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттер тобын белсенді жоспарлы сауықтыру
- медициналық көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеу курсынан кейінгі келесі күні пациентті емдеу
- екінші және үшінші кезеңдік медициналық оңалту курстарын өткізу
- паллиативті көмек
- жұқпалы асқынұлар қауіп бар және маусымдық вирустық аурулар кезінде оқшаулауды қажет ететін орфандық аурулары бар балалар үшін үнемі фермент алмастыру және антибиотикалық терапия алу

Күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға арналған көрсеткіштер (тәулік бойы стационар кезінде):

- операцияға дейінгі дайындық

пен реанимациялық қолдау көрсететін операциялар мен араласулар

- клиникада жоқ, арнайы алдын-ала дайындықты немесе зерттеуді қажет ететін күрделі диагностикалық зерттеулер
- қан препараттарын құюмен, қан алмастыратын сұйықтықтарды вена ішіне құюмен, ерекше гипосенсибилизирлеуіш терапиямен, қатты әсер ететін препараттардың инъекциясымен, дәрілік заттарды буын ішіне енгізумен байланысты науқастарды бақылау және емдеу
- стационарлық емдеуден кейін келесі күні күтім, егер операциядан кейін ерте шығаруға көрсеткіштер болса
- паллиативті көмек
- химиотерапия, сәулелік терапия, онкологиялық науқастарға мамандандырылған ем-шарадан кейін пайда болған патологиялық жағдайларды түзету

Күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға қарсы көрсеткіштер:

- тәулік бойы медициналық процедуралар мен медициналық бақылауды қажет ететін аурулар
- covid-19 коронавирустық инфекциясы бар науқастарға үйде көрсетілетін медициналық көмектен басқа жұқпалы аурулар
- Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурумен ауырмау жағдайда

Медициналық көмек пациенттің немесе оның заңды өкілінің диагностикалық және емдеу шараларын жүргізуге жазбаша ерікті келісімін алғаннан кейін көрсетіледі. Егер медициналық көмек көрсету сапасына қатысты сұрақтарыңыз болса, сіз оларды өз емханаңыздағы Пациенттерді қолдау қызметіне қоя аласыз. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына ыңғайлы байланыс арналары арқылы жүгінуге болады: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot.

Сақтандыру мәртебесін тексеру және жүргізілген төлемдер туралы egov.kz ҚР электрондық үкіметі сайтының "Денсаулық сақтау" бөлімінде "Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат" мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Бүгінде көптеген адамдар артық салмақтан жапа шегуде. Тіпті онымен күресуде арнайы мамандандырылған кеңестеріне жүгініп те жүр. Семіздік деген қауіпті естілмегенмен, дәрігерлер бүгінде бұл мәселеге дабыл қағып отыр. Дәрігерлер мұны XXI ғасырдың дерті деп отыр. Дәрігердің айтуынша, бұрынғы семіздікке 40 жасқа асқандар мен бірнеше бала босағандар шалдықса, бүгінде бұл дерт көбіне 10-16 жас аралығындағы жасөспірімдерде кездеседі. Семіздік дегеніміз тері асты шөліңде және басқа да организмдегі тіндерде майды жинаушының нәтижесінде дене салмағының 20% -ға немесе одан да көп артуы.

Бірінші кезекте, әрине дұрыс тамақтанбау. Фаст-фуд пен тәтті сусындарды шамадан тыс пайдалану. Жалпы бұл дерт бізге шетелден келіп отыр. Дегенмен Қазақстанда семіздікпен күресуде әлі кеш емес. Бастысы ата-ана балаға қолдау білдіруі тиіс. Осы проблеманы шешуге ата-ананың рөлі өте зор. Олар семіздіктің қандай дерттерге шалдықтыратынын түсінуі қажет. Семіздік метаболикалық синдром, гипертония, қант диабеті, асқазан-ішек жолдары қызметінің бұзылуы, холецистит, панкреатит, өтте тастың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Тағы да бір фактор балаға семіздіктің көбіне тұқымнан келуі. Бірақ ата-анасы артық салмақтан зардап шексе, баласы да міндетті түрде дәл сондай семіздікке шалдығады дегенді білдірмейді. Семіздік негізінен ағзадағы алмасу процестерінің қалай өтетіні байланысты пайда болады.

Артық салмақ өмір сүру ұзақтығын шамамен 7 жылға қысқартатыны дәлелденген. Ертеде арықтық өлім-жітімнің басты себебі ретінде айтылса,

қазіргі кезде артық салмақ ажалға апаратын басты себептердің бірі болып отыр. Осы себепті семіздіктің алдын алу жолдарына тоқталып өтейік.

Тамақтану режимін және бөліп тамақтану ұстанымын сақтау күніне 4-5 рет тамақтану ең оңтайлы тәсіл болып саналады. Себебі тағам ағзаға жиі және аздаған мөлшерде келіп түседі. Кешкі тағамды ұйықтардан 3-4 сағат бұрын қабылдау пайдалы. Қаныққан май қышқылдарына бай мал өнімдерінің майларына (сары май, майлы ет және ет өнімдері, мал майы, құйрық май, іш май, тонмай), трансмайлы қышқылдарға бай маргаринге, жеңіл сіңетін көмірсуларына (қант, тәттілер, кондитерлік өнімдер) шектеу қою арқылы ас мәзірінің құнарлылығын азайту. Ас тұзын қолдану мөлшерін күніне 2-3 грамма дейін (бір шай қасық) шектеу. Шикі көкөністер мен жемістерді көбірек (күніне 400 грамнан кем емес) және жирек (күніне кем дегенде 4-5 рет) тұтыну. Нан әсіресе, ақ нан жеуге шектеу қою. Негізгі тамақтану сәтінде

мал өнімдерінің ақуыздарын тұтыну (майлылығы төмен сүт, ет, балық өнімдері). Тәбет ашатын тұздықтарды, дәмдеуіштерді, ащы тісбасарларды ас мәзірінен алып тастау. Тамақты асықпай, аздаған көлемде, мұқият шайнай отырып жеу. Дәрігердің кеңесімен аптасына 1-2 рет жеңілдік күнін (құнарлылығы аз ас ішу) өткізу. Тәтті тағамдарды тұтыну деңгейін күрт шектеу, ал көкөністер көлемін арттыруға кеңес беріледі. Мектепке кетер алдында салауатты таңғы ас беру. Мектеп буфеттерінде салауатты тағам беру (тұтас дәмдер, көкөністер, жемістер).

Салмақты бақылауда ұстап, күнделікті дене жаттығуларын жасау. Күн сайын 30 минутқа дейін орташа немесе қарқынды салмақ түсіретін жаттығулар жасау. Семіздіктің алдын алу мақсатында ұтымды тамақтанудың ережесін білу және дәрігерге тексеріліп қаралу. Ұтымды тамақтанбау, күнделікті жаттығуларды жасамау, аз қозғалыс семіздікке әкеп соқтыратынын ескерту. Уақытылы тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, спортпен шұғылдану, көкөніс пен жемістерді жеу, қауіпсіз диетаны пайдалану керек.

Жұмағұл БАЯН,
«Қазалы ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК «Жетес би» дәрігерлік амбулатория меірікеші

15 ҚАРАШАДА ЕМХАНАЛАРҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛАДЫ

15 қарашада бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымын еркін таңдау науқаны аяқталады. Жыл сайынғы акцияның басталуымен, 15 қыркүйектен бастап, емханаларға аймақтың 14 мыңға жуық тұрғыны тіркелген. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

Қор филиалы директорының ақпараты бойынша, науқанға аймақтың 25 емханасы қатысуда, оның 14 - і мемлекеттік, 11-і жеке меншік. Ағымдағы жылдың 28 қазандағы мәлімет бойынша 13 915 адам өз таңдауын жасады. Олардың көпшілігі, 9 630 адам, мемлекеттік емханаларда, қалған 4 285 азамат жеке клиникаларда тіркелді. 2021 жылы, науқан кезінде БМСК ұйымдарына өңірдің 14 мыңнан астам тұрғыны тіркелген, оның 12,5 мыңы мемлекеттік емханаларды таңдаған.

«Емхана таңдауда басты ескеретін жағдайда оның жедел жетуіне, сондай-ақ, отбасы мүшелерінің бір дәрігерге қаралуына мүмкіндік береді. БМСК ұйымына тіркелген пациент жергілікті дәрігердің қабылдауы, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, скринингтік тексерулер, диагностикалық зертханалық және аспаптық зерттеулер сынды медициналық көмек пен емдеуге жатқызуға жолдама алады. Тұрғын МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі болмаса да емханаға тіркелудің еркін таңдауын пайдаланғанымен, әрі қарай толыққанды жоспарлы медициналық көмектер алу үшін сақтандырылу тиіс», - деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Тіркелу болатын барлық емханалардың тізімін Әлеуметтік

медициналық сақтандыру қорының <https://fms.kz/kz/> сайтынан «Клиниканы таңдау» бөлімінде алуға болады.

Науқан кезінде бастапқы медициналық - санитариялық көмек ұйымына тіркелген азаматтар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайды. Бұрын тіркелген БМСК ұйымынан есептен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.

Анықтама үшін. Таңдалған емханаға тіркелудің екі жолы бар. Бірінші әдіс, бұл барлық азаматтарға арналған. Электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы бекіту: www.egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу» қызметін таңдау қажет. Ары қарай электрондық өтініштің барлық жолдарын толтыру қажет. Пациент туралы мәліметтерді емхана мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алады. Жауап оң болған жағдайда медициналық ұйымға тіркелгеніңіз туралы хабарлама береді.

Екінші әдіс бұл, халықтың жекелеген санаттарына арналған.

Олар емханаға жеке басын куәландыратын құжатпен тікелей жүгіне алады. Атап айтар болсақ, олар зейнеткерлер, мүгедектер, қамқоршылар тағайындалған заң бойынша бала кезінен мүгедектер, қорғаншылар немесе қамқоршылар, патронаттық тәрбиешілер, колонияда жазасын өтеушілер, студенттер, мерзімді қызмет әскери қызметшілері, шет мемлекеттерде туған балалар, сенімхат бойынша бекітуді рәсімдейтіндер.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУ КЕРЕК?



Байланыс электрондық үкіметтің веб-порталы www.egov.kz арқылы болса, тіркелу 3ЦҚ-мен жүзеге асады



Денсаулық сақтау бөлімінде сізге қажет қызметті таңдаңыз «Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу»



Науқас жайлы деректерді емхана мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алады



*Егер сіз сәтті тіркелген болсаңыз, сізге хабарлама келеді

СУДЬЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Еліміздің Конституциясының 76-бабында «сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды» деп көрсетілген.

Яғни адамның басты байлығы оның өмірі болса, сол өмірінің қорғалуын соттар жүзеге асырады. Ал осындай жауапкершілікті мойнына арқапалаған сот төрелігін іске асырушы судьяларға қойылатын талап та тым жоғары болатындығы заңдылық. Осы бағытта уақыт талабына сай еліміздің сот жүйесінде мінсіз сот корпусын қалыптастыру бойынша бірқатар шаралар атқарылып, түрлі реформалар жүзеге асырылып келеді.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес, судьялар Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға; сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзіндік конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әлебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адақтығына, әділдігіне, объективтілігі мен аламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға; сыбайлас жемқорлықтың бұл келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға; судьялар кенесінің құпиясын сақтауға міндетті деп бірнеше қатаң талаптар қойылған

Судьялық лауазымға өту кезінде де талаптар біршама қатаңдатылған. Судьялық лауазымға алғаш қабылданатын тұлға отыз жасқа толған, жоғары заң билімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктіліктілік емтиханын тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы болуы шарт. Демек судьялық қызметке кез-келген адамның келмейтінін, өзінің жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттерін дамытқан үміткер қана келе алатынын аңғаруға болады. Соттар қандай да сот істерін қарау барысында тәуелсіз әрі нақты істер бойынша ешкімге есеп бермейді. Судьяның актісін жоғарғы тұрған сот органының ғана өзгертуге, күшін жоюға құқығы бар.

Көп жағдайда судьяларға тек қана заңгер ретінде қарайды. Бұл қатте ұғым. Сөзімің басында айтып кеткендей, судьялар жоғарғы мораль несі, жан-жақты дамыған, «өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» екі жаққа да тиімді шешім қабылдайтын, ақиқатты қарадан қараңғыда шам ұстағандай етіп ажырата білетін көреген, дауласқанды бітімге шақыратын тағуластырушы тұлға.

Осындай судьялар ғана сот төрелігін іске асырады, осындай талапты бойына сіндіре алған судья ғана сот жүйесіне кімнің де болсын күмәнмен қарауына жол бермейді. Судьяларға қойылған талаптар қатаңдана сайын жауапкершілік те арта түспек. Сондықтан еліміздегі адам бостандығының басты құндылығын іске асырушы тұлғалардың жауапкершілігін көтеру арқылы, сот билігін одан әрі дамытамыз.

Н.ЕЛАМАНОВ,

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А үйі
Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №1845

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)